



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

2023 жылғы 26 сәуірдегі
№ ДС-100

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Үкіметі зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхананың жалға алынып отырған ғимаратын мемлекет меншігіне сатып алу туралы депутаттық сауалды қарап келесіні хабарлаймын.

Бүгінде ерекше қарым-қатынасты қажет ететін адамдарға кедергісіз орта қалыптастыру, қоғамның барлық объектілеріне басқа адамдармен тең еш кедергісіз кіруін қамтамасыз ету мәселесі қоғамда өзекті.

Осы ретте арнайы кітапхана ерекше қажеттілігі бар оқырмандардың рухани қарым-қатынасын нығайтуға, бос уақытын тиімді өткізуге арналған мәдениет ұйымы болып табылады.

Бүгінде республика бойынша зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапхана (*бұдан әрі – республикалық кітапхана*), сондай-ақ Жамбыл, Батыс Қазақстан, Жетісу, Ақтөбе, Абай облыстары мен Шымкент қаласының арнайы кітапханалары «Қазақ зағиптар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің (*бұдан әрі – Қоғам*) меншігіндегі үй-жайларды жалға алып келеді.

Биыл қоғам аталған кітапханаларға үй-жайларды жалға беру ақысын 30 %-ға арттырып, соның ішінде республикалық кітапхананың жалға алып отырған үй-жайының жылдық құнын 67 млн теңгеге дейін көтеріп отыр (*республикалық бюджетте жыл сайын қарастырылған сома 47 млн теңге*).

Қоғам, ағымдағы жылға Республикалық кітапхананың үй-жайын жалға алу шартын ұзартудан бас тартып, жалға алу құнын өтеуді сот арқылы талап етіп, ендігі жерде үй-жайын жалға алу құнына қатысты мәселе сот шешімі аясында қабылданатын болады.

Бұл ретте ағымдағы жылдың ақпан айында Премьер-Министрдің орынбасары А.С. Көлгінов Алматы қаласына жұмыс сапары барысында осы мәселе бойынша кеңес өткізді.

Кеңес қорытындысы бойынша республикалық кітапхананы материалдық-техникалық қамтамасыз етуді жақсарту бойынша тиісті тапсырмалар берілді.

Мәдениет және спорт, Қаржы, Ұлттық экономика министрліктеріне Жамбыл, Батыс Қазақстан, Жетісу, Ақтөбе, Абай облыстары мен Шымкент қаласының әкімдіктерімен бірлесіп, зағип және нашар көретін азаматтарға арналған кітапханаларға коммуналдық меншіктен үй-жайлар беру мүмкіндігін қарастыру жөнінде тапсырма берілді.

Мемлекеттік органдар берілген тапсырманы жан-жақты қарастыру нәтижесі бойынша Парламентті және Үкіметті хабардар ететін болады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

Ә. Смайылов

*Орынд.: А. Рахимова,
Тел. 74-53-47*